"Ғылыми бағдар беру шеберханасы" аясында "Педагогикалық дизайн" мектебінің №5 әдістемелік-тәжірибе алаңы
5 қаңтар 2024 жыл

"КИБЕРПЕДАГОГИКА. САБАҚТА ҚОЛДАНАТЫН ЗАМАНАУИ ТИІМДІ ПЛАТФОРМАЛАР" тақырыбында өткізілді.

Әдістемелік-тәжірибе алаңында Киберпедагогика технологияларының;

Желілік және виртуалды оқыту

Өздігінен білім алу

Білім беруді жобалау, қалыптастыру және меңгеру үдерістерін ұйымдастыру бағыттары бойынша ұстаздардан құрылған үш топ өзара тәжірибелерімен алмасып, сабақта тиімді қолдана алатын платформалармен таныстырды.

Мектепте түрлі пәндерден сабақ беретін ұстаздар тәжірибе алаңында танысқан emaze, Wordwall, Miro, RandStuff платформалары педагогтардың ойын, тиімді әдіс-тәсілдер-нәтижелі сабақ деген пікірмен бірдей көзқараста біріктіріді.

Тәжірибе алаңының барысын жас маман педагогтардың жетекшісі Нұрманова Мереке жүргізіп отырды.

Еліміздің болашағы, жас ұрпақты білім нәрімен сусындататын барлық ұстаздарымызға шығармашылық табыс тілейміз!








Ата-ана жұмысында бір күн жобасы
11 қаңтар 2024 жыл

Мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып,жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру.Ата-анасының мамандығын таныстыру.Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.Мамандық тандауға бағыттау, ой - өрісін дамыту, ойлау қабілетін шыңдау, нақтылыққа бейімдеу.

Міндеті: 1.Мамандыққа деген қызығушылығын арттыру; 2.Ойлау жылдамдығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; 3.Оқушылардың ойын ашық айта білуге және өз пікірін қорғай білуге баулу; 4. Еңбексүйгіштікке баулу, адамдардың еңбегін құрметтеу;

Күтілетін нәтиже: Мамандық түрлерімен таныс бола отырып, өзіндік ой қорытып, ненің жақсы,ненің жаман екенін айыра алады. Тіршіліктің тұтқасы еңбек, білім,өнер екенін түсінеді.

Мектебіміздің 9ә сынып оқушысы Бүркітбай Асылай ата -анасының жұмысында 1 күн болып, жұмыс барысымен танысып келді. Анасының дәрігерлік қызметінің қыр-сырын біліп, дәрігер мамандығына деген қызығушылығы артты. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін дәрігерлік мамандық асқан жауапкершілікті қажет етеді. Бітіруші түлектеріміз де осы жоба арқылы түрлі мамандықпен танысуда.






Репка
12 январь 2024 жыл

В рамках проекта"Оқуға құштар мектеп" в средней школе №140 имени Абылай хана среди учащихся 2 "б" класса была проведена инсценировка русской народной сказки "Репка".(учителя-предметники Ибаева Н. Абишева А.)

Цели данного мероприятия:

*Развитие речи детей через театрализованную деятельность.

*воспитывать интерес к чтению,любовь к устному народному творчеству.

*Формирование доверительных отношений,активизация внимания.

При постановке инсценировки дети принимали активное участие,проявили высокий интерес к изучению русского языка.

Сказка доставила детям радость,а также вызвала интерес к чтению книг.

Выражаем благодарность нашим маленьким артистам!





Ағылшын апталығы
15 қаңтар 2024 жыл

Мектеп жоспарына сай 2024 жылдың 15-19 қаңтар аралығында ағылшын тілі бірлестігінің апталығы жоспарланды.
Апталықтың мақсаты:

Оқушылардың ағылшын тілін мемлекеттік білім беру стандарты бойынша меңгергендігін бақылау, олардың қабілеті мен тілін дамыту.

Пәнге деген қызығушылығын арттыру, шет тілін құрметтеуге үйрету, оқушыларды ағылшын тілінде еркін сөйлеуге дағдыландыру.

15.01.2024 күні апталықтың салтанатты ашылуы өткізілді. Апталық ашылу рәсімі кезінде оқушылар апталықтың мақсатымен, шарттарымен танысты. Апталықтың ашылу салтанатында 3-10 сынып оқушылары белсенділік танытты. Оқушылар өздерінің ағылшын тілін қалай жақсы көретіндігін дәлелдеп, өз өнерлерін көрсетті. Мектеп мұғалімдері түрлі лайфхактар көрсетіп, қызықты ойындар ойнатты. Оқушылар ағылшынша әндерін, тақпақтарын, жұмбақтарын айтып біздерді қуантты. Апталықтың ашылу барысында ағылшын тілі пәні ӘБ мүшелері “English language - is a world language” тақырыбында көрме ұйымдастырды.

Шараға қатысқан көрермендер көңілді күймен тарқасты











Ағылшын апталығы
15 қаңтар 2024 жыл

Дана халқымыз ертеден «Қыз өссе — елдің көркі, гүл өссе — жерді көркі», «Анасы тұрып, қызы сөйлегеннен без», «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда», деп қыз баланың тәлімі мен тәрбиесін жоғары бағалап, қыз баласын адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа, әдептілікке, мәдениеттілікке, сұлулық пен сымбаттылыққа баулып отырған.

Осы орайда,"Оқушы үні" жобасы аясында"ашық сауал" айдары жүргізілді. Жоба барысында 8-10сынып қыз балаларынан анонимді түрде сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері өңделіп, қорытындысы шығарылды.Қатысушылар қыз бен жігіт арасындағы достық қарым-қатынас туралы мәселеге қатысты пікір білдіріп,өзара сыйластық, жеке шекараның болуы жөнінде және де "Кіммен жиі сырласасыз?" деген сұраққа респондеттердің көпшілігі анаммен, досыммен деп көрсеткен.









Ағылшын апталығы
15 қаңтар 2024 жыл

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі болып отыр. Осы бағытта жүріп жатқан белсенді жұмыстың басым бағыттардың бірі білім беруді қамтиды. Білім саласындағы цифрландырудың ең басты міндеті білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті ел жастарын дайындау. Осы тұста педагог мамандардың Киберпедагогика, яғни цифрлық сауаттылығына көңіл аударып, жас ұрпақты да цифрландыруға бағыттаған қызықты сабақтар ағылшын тілі апталығы барысында өткізілген сабақтардан көрініс тапты.
15.01.2024 күні 4 "Ә" сыныбымен вернисаж сабақ - пән мұғалімі М.Қойшыбаева;
5 "Д" сыныбымен Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасымен бірлескен практикалық сабақ - пән мұғалімі А. Искакова;
4 "А" сыныбымен Киберпедагогика " Заманауи тиімді платформалар" қолданған "Weather 2" тақырыбында- пән мұғалімі Ж.Шағдар сабақтар өткізді.

Сабақты жаңартылған бағдарламаға негізделген түрде өтті. Сабақта АКТ пайдаланылды, көптеген тапсырмалар арқылы оқушыларды қызықтыра білді, сабақ жоғарғы деңгейде өтті.

Оқушылар сабақта топтық, жұптық, жеке тапсырмалар орындады. Сабақта айтылым, оқылым, тыңдалым және жазылым болды.

Сабаққа қатысқан ұстаздар өз ризашылықтарын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.



















Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі" КММ "Химия" пәні мұғалімі лауазымы бойынша бос орынға конкурс жариялайды.

16 қаңтар 2024 жыл

Қызылорда облысы әкімдігінің «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №56 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылына конкурстық негіздегі химия пәні мұғаліміне 1 (бір) жүктеме - 16 сағат бос орынға конкурс жариялайды (оқыту тілі – қазақ тілі).

Конкурс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №343 бірлескен бұйрығы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Тиісті бейін бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі немесе кәсіптік педагогикалық білімі болуы тиіс. Жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Лауазымдық міндеттері:

• Оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес және "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушының жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді.

• Оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құралдарын қолданады. Қысқа мерзімді жоспарларды, бөлімдер мен тоқсанның суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды жасайды.

• Электронды журналдарды толтырады.

• Жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген оқушылар мен деңгейден төмен емес тәрбиеленушілердің пәндік нәтижелерін, отбасылық-қызметтік, тұлғалық жетістіктерін қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді.

• Әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады.

• Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерттейді.

• Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.

• Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

• Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

• Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

• Жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын орындайды.

• Білім беру процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

• Тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады.

• Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Білуге міндетті:

✓ Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдарын, білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді,

✓ педагогика мен психологияны,

✓ пәнді оқыту әдістемесін, тәрбие жұмысын, оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін,

✓ оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптарды,

✓ еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне қарай 145,115 теңге. (экологиялық коэффициентті қоспағанда).

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттар:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидалардың 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе айелтс IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) сертификаты - 60-65 балл;

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

13) тәжірибесі жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы (өзін-өзі таныстыру) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720х480.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде (2023 жылғы 25 қаңтар сағат 18.00-ге дейін) «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қағаз түрінде қабылданады.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.
Осы Қағидалардың 154-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

Кандидат конкурсқа қатысу үшін білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды ұсынуға құқылы.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын лауазымдық міндеттері мен біліктілік талаптары туралы қосымша анықтаманы Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Тел. 8(7242)23-76-37, 140mektep@mail.ru

Білімді, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру қазіргі заман талабы.
16 қаңтар 2024 жыл

Ана тілімізді қадірлей отырып,өзге тілді меңгеру біздің өмірімізге зияны тимесі анық.Шынында да ғылым мен техника дамыған, XXI ғасырда заманның қояр талабы көп.Әрине, қазіргі қоғам дамуы мұғалімнің жеке қасиетіне, гуманитарлық бағытына, мамандық біліктілігіне жоғары талап қойып отыр. Бұл тұрғыда табысқа жету мұғалімнің сабақ өту үрдісіндегі әдіс – тәсілін, жаңа педтехнологияны кәсіби шеберлікпен меңгерумен анықталады. Осыған орай 16.01.2024 күні Абылай хан атындағы 140 қазақ орта мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Шағдар Жаңыл және Қойшыбаева Меруерттің ұйымдастыруымен 6 сынып оқушылары арасында “Who knows English well”тақырыбында сыныптан тыс жұмыс сайыс түрінде өткізілді. Сайысқа 6 сынып оқушылары қатысты. Бұл сайыс оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып, ойынға белсене қатысып, логикалық ойларын дамытуға көмегін тигізеді. Сайыс 5 турдан тұрды:

1. Introduction - Таныстыру
2. Answer the question. 1 Сұраққа жауап беру.
3. Guess the riddles. 2. Жұмбақтарды тап.
4. The ABC game - Алфавит ойыны
5. A magic 5 - Сиқырлы 5 саны!

Осы турлар бойынша оқушылар өз білімдерін сынап, белсенділік танытты. 6 “Б” сыныбы жеңіске жетіп,қатысқан оқушылар Алғыс хат және сый-сыяпаттармен марапатталды.







"Қамқор аға, қамқор әпке" жобасы
17 қаңтар 2024 жыл

Ерекше бала – болашақ дана.Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қазіргі қоғамның ерекше бір бөлшегі. Бұл балаларды дамыту, қолдау көрсету,дұрыс бағыт-бағдар беру мақсатында жобаның кезекті жұмысында ЕББҚ бар шығармашылыққа жақын оқушымыз Еркін Маржан өзінің туындысын қағаз бетіне бейнеледі.

Суретте бейнеленген кейіпкерлерді негізге ала отырып, 8 сынып оқушысы Көлбай Айару "Түлкінің қулығы" атты ертегісін құрастырды.

Осы жоба арқылы оқушылар арасындағы үйлесімділік, сыйластық әрі қарай жалғасын табады деген сенімдеміз.







Sumruk. Famous people
17 қаңтар 2024 жыл

Бүгін 17.01.2024 күні Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің 5 В сынып оқушыларымен Дандесова Мереке ағылшын тілі пәнінен The "Sumruk. Famous people" тақырыбында саяхат сабағын Қызылорда қалалық А. С Пушкин атындағы кітапханасында өткізілді. Самрұқ құсы жайында аңыздың шығу тарихы мен атақты жазушылар жайында мағлұматтар берілді. Сабақты жаңартылған бағдарламаға негізделген түрде өтті. Оқушылар сабақта топтық, жеке тапсырмалар орындап, түрлі ойындар арқылы сұрақтарға жауап берді. Кітапхана қызметкерлері оқушыларға кітапхананың шығу тарихымен және шетел көркем әдебиетімен таныстырды.







Мамандық таңдау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беру
17 қаңтар 2024 жыл

Мектептен түлеп ұшқалы отырған 11-сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Мамандық таңдау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу үшін ұстаздармен, кешегі түлектер, бүгінгі студент, болашақ маман иелерімен, кездестіріп ой бөлісу, пікір алмасудың маңызы өте зор. «Асуларды алады жастар әлі, зор болашақ бүгіннен басталады» , кешегі оқушы, бүгінгі студент, грант иегерлері, I курс студенттері мектеп түлектері арасында кездесу кеші өткізілді.. Бітіруші түлектерге ҰБТ-ке дайындалу лайфхактарын айтып, әр түлекке мотивация берді. Оқушылар көкейінде жүрген сұрақтарына, тұшымды жауаптар алды.







Зерттеу сабағы
17 қаңтар 2024 жыл

Бүгін 17.01.2024 күні Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің 9Б сынып оқушыларымен Жақсылық Ажар ағылшын тілі пәнінен ашық (зерттеу) сабағын Қызылорда облыстық тарихи –өлкетану музейінде өткізді. Қазақ жазушыларының қолданған бұйымдары мен әшекейлерін өз көздерімен көріп, тақырыпқа байланысты Қазақстан тарихындағы ең танымал тұлғалардың бірі, музыкант, ақын, философ Асан Қайғы мен француз жазушысы, ақын Жюль Габриэль Верн туралы оқушылар өз ойларымен бөлісіп, қазақ и ағылшын музыкант, ақын, философтардың айырмашылықтарын талдап қайтты. Сабақ өз деңгейінде қызықты өтілді.





Сенімділік-күш береді!
18 қаңтар 2024 жыл

Абылай хан атындағы 140 қазақ орта мектебінде 18 қаңтар күні 11 сынып оқушыларына алдағы сынақтан сүрінбей өтулеріне тілекші болып,психологиялық тренинг өткізілді.

Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлерін реттей отырып,жағымды ахуал қалыптастыру арқылы әрқайсының бойында өздеріне деген сенім,құрмет,жақсы көру қасиеттерін арттыра отырып,алдағы күндердегі қорқынышты жеңуге тағы бір қадам жасалды!
Ең әуелі әр оқушыға ата-анасының ең аяулы сөздері күш береді.Ата-ана қуанышы,тілегі,жүрегі перзенті.Осы орайда ата-аналар балаларына ең ізгі,жүрекжарды тілектерін білдіріп,балаларына деген сүйіспеншілік пен махаббаттарын жеткізді.Тосыннан жасалған бейнероликтерді көріп,балалар өз эмоцияларын жасыра алмай,көз жастарына ерік берді.Балаға бұдан асқан бақыт жоқ!Әр бала ата-ана үшін көз қуанышы,нұры мен үміті.

Оқушыларға алдағы сынаққа сәттілік тілеп,болашақтарының жарқын болуына,өмір жолдарының ашық,ақ болып,биіктен көрінулеріне тілектестік білдіріп,қорытындыладық!








"The Magic Garden of the Poor"
18 қаңтар 2024 жыл

2024 жылдың 15-19 қаңтар аралығында жоспарланған ағылшын тілі пән бірлестігінің апталық жоспарына сәйкес 18 қаңтар күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімі М.Нұрмановаңың ұйымдастыруымен Ә.ТӘЖІБАЕВ атындағы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ базасында "The Magic Garden of the Poor" тақырыбында сабақ өткізілді.

Сабақта оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым тапсырмаларын Тедди ұсынып, қалыптастырушы бағалау тапсырмалары орындалды.

Оқушылар бірнеше деңгейлік тапсырмалар орындап, белсене қатысты.

Сабақ соңында оқушылар сабақ мазмұнына сай алтын тола сандық тапқан жағдайда қандай керемет дүние жасай алатындықтарын ұсынып, оқиғаны басқаша баяндады










АТА-АНА ЖҰМЫСЫНДАҒЫ БІР КҮН
23 қаңтар 2024 жыл

Әке әрбір отбасының темірқазығы, ұйтқысы, қорғаушысы және тірегі. Әке отбасының ең басты мүшесі. Әкенің қадірін түсінген адам ғана бағалай біледі.«Әкеге қарап ұл өсер» деген тәмсіл бар. Мағынасына тереңірек ұғынар болсақ, бір ауыз сөзден санаға түйетін сансыз ұлағат жатыр.

Мектеп қабырғасында жүйелі жүргізілетін “Ата-ана жұмысындағы бір күн” жобасы аясында 9 сынып оқушысы Базарбай Динара бүгін әкесінің жұмысына барып қайтты. Әкесінің бір күндік жұмысымен танысып, құрылыс заттарының шығу процессіне куә болды. Динараның әкесі құрылыс заттарына қажетті материалдар шығаратын орында талай жылдан бері еңселі еңбек атқарып келеді. Арнайы құрылғыларды пайдаланылып жасалатын жұмыспен егжей-тегжейлі танысқан Динара әкесінің қажырлы еңбегін көпке үлгі етуде.








HELI



ҒЫЛЫМИ БАҒДАР БЕРУ ШЕБЕРХАНАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢЫ №26
Педагогикалық дизайн мектебінің әдістемелік алаңы
25 қаңтар 2024 жыл

Қай салада болмасын ондағы жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Жаңа заман мұғалімі " дайын" білім көзі ғана болмай, оқушылардың танымдық іс -әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білуі, білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән беруі, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңа жолдар мег әдістер табуға дағдыланған маман болулары қажет.

Осыған орай үстіміздегі жылдың 24 қаңтар күні "ЖасStar" мектебінің кезекті шарасы "Оқушылардың білім сапасын көтерудің тиімді жолдары" тақырыбында өткізілді.

Тәжірибе алаңына

Қорқыт Ата университетінің Жаратылыстану институтының директоры, Химия ғылымдарының кандидаты Ахатаев Нұрлыбек Ақарыстанұлы қатысып, өз ризашылығын білдіріп, жас мұғалімдермен кері байланыс орнатты.

Тәжірибе алаңында мектебіміздің жас ұстаздары білім сапасын көтеру жолында сыныпта психологиялық ахуал қалыптастырудан бастап, кері байланыс алғанға дейінгі сабақ процесінде оқушы белсенділігін, сабаққа деген ынтасын, зейінін аудару, арттыру жолдарын нақтылап, мұғалім, ата-ана, оқушы тарапынан кездесетін кедергілер мен оларды жою жолдарын саралады.

Тәжірибе алмасу барысында *"Педагогикалық дизайн"* мектебінің, " *Киберпедагогика* " саласы бойынша түрлі жаңаша әдіс -тәсілдер: аукцион, plickers, квест, геймофикация, joiteka.com әдістері мен платформалары қолданылды.

Бүгінгі шарамыз өз мақсатына жетті. Келген ұстаздарымыз керемет көңіл - күймен қоржындарына жаңаша платформалар мен әдіс-тәсілдер салып қайтты











Оқушылардың білім



ҒЫЛЫМИ БАҒДАР БЕРУ ШЕБЕРХАНАСЫНЫҢ "ПЕДстарт" жобасының ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ.
25 қаңтар 2024 жыл

Білім беруде бәсекелестік болғанда сапалы нәтиже болады. Балалардың арасындағы бәсеке түрлі жарыстардан басталады.

Бүгін 25.01.2024 ж күні 8 сынып оқушыларынан жасақталған "Алғырлар" мен "Тапқырлар" арасында "ҒЫЛЫМИ БАҒДАР БЕРУ ШЕБЕРХАНАСЫ" аясында "Жасыл ғаламшар" кіші мектебі жобасының "GREEN STUDY" ғылыми -ізденіс орталығында биология пәнінен интелектуалды сайыс өткізілді.

Интеклектуалды ойынға мектеп оқушылары қатысып, командалардың блиц турнирдегі сұрақтарға жылдам жауап берудің, биологиялық терминдермен ағылшын тіліндегі ребустарды шешкеніне, түрлі қаңқа макеттерімен жобалар қорғағанының куәсі болып, өздерініңде білім қоржындарын толықтырды.

Жарайсыңдар балалар!

Жарысқа қатысудың өзі үлкен жеңіс. Құттықтаймыз!







Үшбұрыштар теңдігінің белгілері
25 қаңтар 2024 жыл


2024 жылдың 25 қаңтарында Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Онбаева Жазира Нуржановна Киберпедагогика жобасы бойынша 7 «В» сынып оқушыларымен геометрия пәнінен «Үшбұрыштар теңдігінің белгілері» тақырыбында интеллектуалды сабағы өтті.

"Киберпедагогика" жобасының мақсаты

Білім беру саласындағы цифрландырудың ең басты міндеті білім беру сапасын арттыру,яғни балалар интерактивті тақтаны, ноутбуктарды сабақты қызықтыратын платформалармаларды қолдана алуы.

Сабақ барысында мұғалім интерактивті тақтаны қолданып, оқушыларға тақырып бойынша мәліметтерді көрсетті. Ноутбуктарды қолдана отырып, сәйкестендіру тестін құрады. Оқушылар «Үшбұрыштар теңдігінің белгілерін» толықтай түсініп, есептер шығару барысында практикалық жұмыстар жүргізді.Сабақ соңында оқушылармен joiteka.com платформасы квест ойыны арқылы сұрақтарға жауап беріп, сабақты қызықты өткізді.











"ОТБАСЫ МЕКТЕП" ШТАБЫ
"ӘКЕГЕ ҚАРАП ҰЛ ӨСЕР" тақырыбындағы дәстүрлер жәрмеңкесі.
26 қаңтар 2024 жыл

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде де өзекті. «Отбасы мектеп» штабының жас өрендерге тәрбиені сіңіру, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кезекті шарасы Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы, Әкелер_одағы қоғамдық бірлестігі және Қазақстан_халқы_Ассамблеясымен бірлесіп өтті.

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттықА болмысы айқын тұлға тәрбиелеу - «Отбасы мектеп» штабының басты мақсаты. Осы мақсатқа жетуде өз пікірімен бөлісіп, тұщымды ой айтуға келген қонақтарымыз

Каламкас Каримова Арыстанқызы – Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы

Ескендір Ержан - «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиал төрағасы, Облыстық мәслихат депутаты

Бакытжан Камалов Жарылқасынұлы - Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директоры

Гульнур Буркитбаева Бейбітбекқызы - Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Өңірлік коммуникациялар қызметі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

Огбонна Генри Чинонсо - Нигерия елінен келген мұғалім

Ирина Шек Николаевна - «Wiedergeburt» Қызылорда облыстық неміс қоғамдық-мәдени орталығы» ҚБ-нің төрайымы;

Абдугафарова Манзура Мадкаримовна «Қызылорда облыстық өзбек қоғамдық –мәдени орталығы» ҚБ-нің төрағасының орынбасары;

Шәкизат Қаратайұлы - «Сенімен Болашақ» Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының басшысы

Сымбат Нұртазақызы - "Сенімен Болашақ" Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің психологі

«Отбасы мектеп» штабының бұған дейінгі Қызылорда облыстық Қазақстан халқы ассамблеясымен бірлескен шарасы орыс тілі апталығы аясында өтсе, бүгін ағылшын тілі бірлестігінің жұмыстарын көріп, еркін де ашық алаңда әкенің рөлі жайында ой алмасты.

Жалпы, отбасылық құндылықтар отбасы ішіндегі салауатты және бақытты қарым-қатынастың негізін құрайды. Әрбір баланың жетістікке жетіп, қоғамда өз орнын тауып, жеке тұлға болып қалыптасуына отбасындағы әкенің рөлі ерекше. Әке қолдауы, сүйіспеншілігі мен мейірімін сезініп өскен келешек ұрпақтың болашағы да жарқын болары анық
























СПОРТ - ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ
27 қаңтар 2024 жыл

«Есірткісіз аймақ» жобасы аясында және жастар арасында электрондық темекі, вейп тұтынудың алдын алу бойынша
оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықтың алдын алу мақсатында ұлттық спорт түрлерінен сайыс өткізілді.

Балаларға ұлттық тәбие беруде ұлттық ойындардың орны ерекше. Ұлттық ойындар барысында балаларға дене тәрбиесімен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен
таныстыру, баланы ұлттық рухта тәрбиелеу үрдісі жүзеге асырылады.

Ұлттық ойын түрлері қимыл – қозғалыс, белсенді іс - қимыл жасауына себеп болса сонымен қатар тәртіпті сақтау, әділетті болу, қоршаған ортамен танысу тағы басқа тәрбиелік, мәдени жақтарды жетілдірумен ерекшеленеді. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын

Осы орайда оқушылар арасында бес асық, тоғыз құмалақ, асық ату, арқан тарту түрлерінен қызықта да пайдалы сайыс өтті. Балалар зор ықыласымен қатысып, тартысқа толы сайыс куәгері болдық.Бұл қазақтың ұлттық ойындары мәдени-патриоттық тәрбие беруде ұтымды құрал екендігі тағы бір кезекті мәрте дәлелденді.

Сайыс соңында жеңімпаздар алғы хаттармен және медальдармен марапатталды.











BILIM Land
iMektep
iTest
Күнделік













ОҚУШЫЛАР МЕН АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА!!!
31 қаңтар 2024 жыл

Осы оқу жылының соңында оқушылар «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен аралық аттестаттау емтиханын тапсыратынын хабарлаймыз. Емтихан 5-8, 10 сынып оқушыларынан алынатын болады.

Қазақ тілі бойынша емтихан ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартына (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі.

Ұлттық мүдде мен қазақ тілінің мәртебесін көтеруді арттыруды көздеп 5-8, 10-сыныптарда өткізілетін аралық аттестаттау – негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылады.

Арнайы талаптарға сәйкес емтихан тапсырмаларын педагогтер құрастырып, білім беру ұйымының әкімшілігі бекітетін болады.

Барлық білім алушылар емтиханды емтихан талаптарына сәйкес тапсырылатын болады, нәтижесінде қорытынды баға шығарылады.

